



АУЫЛДАН
НЕГЕ КЕТЕДІ?

5-БЕТ | САРАПТАМА



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ
ҰЛЫҚТАҒАН

6-БЕТ | БІЛІМ



КҰМЫРЛЕГЕН
КҮЙ КЕШІ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Атасыздық – отансыздық,
отансыздық – опасыздық,
опасыздық – имансыздық.

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ

”

№43
(4787)

Сейсенбі
15 сәуір
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Астанада Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай «Менің Жеңіс тарихым» атты патриоттық онлайн-шара басталды.

Челлендж аясында елордалықтар әлеуметтік желідегі жеке парақшаларында соғысқа қатысқан туыстарының оқиғаларын, отбасы мұрағатындағы суреттерін, видеороликтерді қысқа әңгімелер немесе естелік ретінде жариялайды. Сонымен қатар майданнан келген хаттарды, батырлардың ерлігі жайлы өлеңдерін оқып, соғыс жылдарындағы әндерді орындай алады. Мақсаты – соғысқа қатысқан жақындары туралы, сол сияқты отбасы оқиғалары мен мұрағат материалдарын тарату. Бұл өткенді мәңгілік сақтауға және Ұлы Отан соғысының батырларына құрмет көрсетуге септігін тигізеді. Челленджге қатысатын әр адам Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында тарихтың сақталуына үлес қосып, бірлік рухын қолдай алады.



Бас қалада алғаш рет пара дзюдодан әлем чемпионаты өтеді.

Әлем чемпионаты 13-15 мамыр аралығында Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында өтеді. Оған 40-қа жуық мемлекеттен спортшылар келеді деп жоспарланып отыр.

Оңалхан ӨНЕРХАН



Елордада жол жөндеу және жаңа жолдар салу жұмысы қарқынды жүргізіле бастады. Биыл қаладағы 60-тан астам көше жолдары жөндеуден өтеді. Сонымен қатар бірнеше жаңа жол салу жоспарланған.

3

ЖАЙЛЫ ҚАЛА ЖОЛЫНАН ТАНЫЛАДЫ

МАЙДАНГЕРГЕ – 5 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ

Елордада қазіргі уақытта тұрып жатқан Ұлы Отан соғысының 6 ардагеріне Жеңіс күнінің 80 жылдығына орай 5 миллион теңгеден әлеуметтік төлем берілді.

Бұдан басқа, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген азаматтарға 45 АЕК (176940 теңге) мөлшерінде қаржы қарастырылған. Сондай-ақ өзге мемлекеттердің аумағындағы әскери қимылдардың ардагерлері – тәжік-ауған секторында, Ирактағы халықаралық бітімгершілік операциясында тапсырмаларды орындаған әскери қызметшілерге, Таулы Қарабақтағы ұлтаралық

қақтығысты реттеуде болған әскерилерге 45 АЕК (176940 теңге) беріледі. «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген өзге де тұлғаларға – тыл еңбеккерлері, қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы ардагерінің жұбайына 15 АЕК (58980 теңге) мөлшерінде төлем қарастырылған. Төлемдер сәуір айының соңына дейін жүргізіледі.

ТУРИСТЕР КӨП КЕЛЕДІ

Астанамыз іскерлік және оқиғалық туризмнің негізгі орталықтарының біріне айналып келеді. Алдағы айларда елордада бірқатар ауқымды халықаралық іс-шара өткізу жоспарланып отыр.

«Биыл 27-28 маусымда АҚШ, Канада, Ресей, Еуропа және Азиядан 500 жетекші маман қатысатын 10-Дүниежүзілік нейрохирургиялық қауымдастық конгресі өтеді. 21-25 шілде аралығында Назарбаев университеті халықаралық сарапшылар қоғамының конгресін қабылдайды. Оған 1000-нан астам қатысушы келеді. 2025 жылғы 18-22 тамыз аралығында Астана IFLA Дүниежүзілік кітапханалық және ақпараттық конгресін өткізу

алаңына айналады. Кітапханатану саласындағы ең ірі оқиға Қазақстанда әлемнің 130-дан астам елінен 4000-ға жуық делегатты жинамақ. Аталған іс-шараны өткізу Астанаға шамамен 2 млн еуро табыс әкеледі деп күтілуде. Жиынтық пайда делегаттардың тұруға, көлікке, тамақтануға және басқа да қызметтерге жұмсаған шығындарынан құралады» деп атап өтті Туризм индустриясы комитетінің басқарма басшысы Нұрбол Байжанов.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 566.59 \$ USD/KZT 518.57 ₸ RUB/KZT 6.05 ¥ CNY/KZT 70.66

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



«Бітімгер болу – бейбітшіліктің елшісі болу деген сөз. Бұл – үлкен абырой әрі зор жауапкершілік, нағыз ержүрек жауынгерлердің қолынан келетін іс. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Қазір әлемдегі жағдай аса күрделі екенін білесіздер. Түрлі қақтығыстар болып жатыр. Өкінішке қарай, оның бәрін келіссөз арқылы шешу мүмкін болмай тұр. Мұндай кезде бітімгерлік миссиялары айрықша рөл атқарады. Қазақстан – бейбіт ел. Біз әлемде тұрақтылық орнатуды көздейтін барлық бастаманы қолдаймыз» деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Президенттің айтуынша, еліміздің Қарулы күштері 2014 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік қызметіне өз үлесін қосып келеді. 80 азамат байқаушы және штаб офицері ретінде бірнеше миссияға атсалысып, 700-ге жуық әскери қызметші БҰҰ-ның арнайы операцияларына қатысқан. Мемлекет басшысы олардың ішінде Әлия мен Мәншүктің, Хиуаздың жолын жалғаған жаужүрек арулар да бар екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген ел бітімгерлік күштерге қосылуға ұмтылатынына, бірақ бәріне бірдей сенім артыла бермейтініне назар аударды. Қазақстанға осындай мүмкіндік беріліп отырғанын, бұл ретте

ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық бітімгерлік құрам сапында табысты қызмет атқарып, халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға зор үлес қосқан офицерлермен және сарбаздармен кездесті. Президент елімізге жүктелген жауапты міндетті жоғары деңгейде атқарып келген әскерилер ерлік пен батылдықтың озық үлгісін көрсеткенін, сол арқылы Ұлттық армиямыздың, тұтас мемлекетіміздің беделі көтерілгенін атап өтті.

ұлттық армиямыз былтыр тағы бір тарихи қадам жасағанын айтты.

«Қазақстан алғаш рет бітімгерлік міндетін дербес орындауға кірісті. Голан жоталарындағы операция аясында Біріккен Ұлттар Ұйымымен қарым-қатынасымыз мүлде жаңа деңгейге көтерілді. Біз толыққанды бітімгерлік күштері бар елдердің қатарына қосылдық. Қазақстан – осы салада мол тәжірибе жинақтаған Орталық Азиядағы бірден-бір мемлекет» деді Президент.

Жоғарғы Бас қолбасшы сарбаздарды маңызды миссияларға даярлау ісіне айрықша назар аударды. Оның айтуынша, аз уақыт ішінде әскери қызметшілерді түрлі дағдыларға бейімдеп, оларды халықаралық стандарттарға

сай құрал-жабдықтармен түгел өте маңызды» деді Мемлекет басшысы.

«Бұл әскеріміздің аса күрделі міндеттерді орындауға қабілетті екенін көрсетеді. Сіздер Сирия дағдарысының шешуші сәтінде ұтымды әрі батыл әрекет жасадыңыздар. Қазақстан армиясының кәсіби деңгейі жоғары екенін дәлелдеп бердіңіздер. Сол күндері қазақ жауынгерінің асқақ рухы мен қайсарлығына бүкіл әлем куә болды. Сіздер қауіпті аймақтарда жұмыс істеп, ерен ерлік көрсетіп, мол тәжірибе жинап келдіңіздер. Енді осы тәжірибені бөлісіп, басқа да әскери қызметшілерді үйрету қажет. Бітімгерлік миссия кезінде меңгерген жаңа дағдыларды еліміздің

әскер даярлау жүйесіне енгізу өте маңызды» деді Мемлекет басшысы.

Қазір еліміздің 158 азаматты Африка және Таяу Шығыс аймағында бітімгерлік қызметте жүр. Болашақта Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында өтіп жатқан басқа да миссияларға қатысуды жоспарлап отырмыз. Осылайша, Қазақстан жер жүзіндегі бейбітшілік пен келісімді нығайтуға белсенді түрде атсалыса бермек.

«Қарулы күштер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің басты тіректерінің бірі. Ең алдымен, сарбаздары мен офицерлерінің рухы асқақ, кәсіби деңгейі жоғары, жауынгерлік машығы мінсіз, тәртіп пен тазалықты мүлтіксіз сақтайтын әскер қуатты болады. Армия

барлық қажетті шара қабылданып жатыр.

«Заң мен тәртіп», отаншылдық пен жауапкершілік – әскери қызметшілерге ғана емес, еліміздің барлық азаматтарына ортақ аса маңызды құндылықтар. Осы жасампаз қасиеттер қоғамда жан-жақты дәріптелуге тиіс. Себебі біз қазір бәріміз бір ел болып Әділетті, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз» деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әскери қызметшілерге жауынгерлік міндеттерін мінсіз атқарғаны үшін тағы да алғыс айтып, оларға тілекші болған жақындары мен отбасыларына ризашылығын білдірді.

«Қазақта «Ердің ісі – елдің ісі» деген сөз бар. Сіздер елдік пен ерліктің туын биік ұстап жүрсіздер. Алдағы уақытта да қасиетті Отанымызды қорғап, табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Армиямыздың айбыны арта берсін! Еліміз аман, әскеріміз қуатты болсын!» деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы әскери борышын үлгілі атқарғаны, Біріккен Ұлттар Ұйымының Голан жоталарындағы бітімгерлік миссиясын жүзеге асыру барысында көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін бір топ әскери қызметшіні мемлекеттік наградалармен марапаттады.

ЖОБАЛАРДЫ ТЕКСЕРДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Астана қаласы бойынша жұмыс сапары аясында Мемлекет басшысының халықты жылумен қамтамасыз ету және LRT жобасын іске асыру жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысын тексерді.

ЖЫЛУ МЕН ГАЗ БЕРЕТІН СТАНСА ДАЙЫН

«Тұран» жылу мен газ беретін стансасында (ЖГС – қысқартылған нұсқасы) Премьер-министрге нысан құрылысының екінші кезегі аяқталғаны туралы баяндалды. Бүгінде дайындық 98 пайызды құрап отыр. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ЖГС жалпы қуаты сағатына 350-ден 600 Гкал-ға дейін жетті – бүгінде бұл еліміздегі ең ірі газ жылу стансасы. «Тұран» ЖГС-тан басқа 4 жылу беретін нысан: №1 жылу-электр орталығы, №2 жылу-электр орталығы, №3 жылу-электр орталығы, «Оңтүстік-шығыс» газ жылу стансасы елорданы жылумен қамтамасыз етеді. Нысандардың жалпы қолжетімді қуаты сағатына 4104 Гкал-ды құрайды, қаланың ең жоғары жылу тұтыну қажеттілігі – 3578 Гкал/сағ, бұл ағымдағы жылыту кезеңінде жылу қуатын шама-

мен 500 Гкал/сағ артығымен өндіруді қамтамасыз етті.

Қала әкімінің орынбасары Еркін Өтебаев бүгінде «Тұран» ЖГС жұмысы толығымен автоматтандырылғаны жөнінде мәлімет берді. Мамандарды даярлау оқу орталығының базасында дуальды білім беру шеңберінде жүргізіледі. Стансада неміс, орыс және фин технологиялары қолданылады. ЖГС жоғары экологиялық таза нысан екені айтылды: азот оксиді қалдықтары қолданыстағы нормативтермен салыстырғанда 3-5 есе азайды. Қазіргі уақытта нысан Есіл және Нұра аудандарын, сондай-ақ шамамен 2 млн шаршы метр алаңдағы әлеуметтік және өнеркәсіп нысандарын жылумен қамтамасыз етеді. Газ тарту және қаланы жылумен қамтамасыз ету жұмысы жалғасады. Қаланы жылумен қамтамасыз ету үшін 2035 жылға дейін 2028 жылдың соңына дейінгі мерзімде №2 жылу-электр орталығындағы 7, 8 қазандықтарды пайдалануға беруді, «Тельман» ЖГС-дағы

және «Оңтүстік-батыс» ЖГС салуды қосқанда, жалпы қуаты сағатына 1310 Гкал болатын бірқатар жобаны іске асыру жоспарлануда.

Олжас Бектенов халықтың белсенді өсуі және қалалық инфрақұрылымның кеңеюі жағдайында қазіргі заманғы жылумен жабдықтау көздерінің құрылысы ерекше маңызға ие екенін атап өтті.

LRT 6 АЙ СЫНАҚТАН ӨТЕДІ

Премьер-министрге елорданың LRT құрылысы бойынша негізгі көлік жобаларының бірін іске асыру барысы туралы бойынша алаңында баяндалды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша эстакада, аспалы көпір және барлық стансаның темірбетон конструкцияларының құрылысы аяқталған. Жобаның қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін Астанада шпалдар өндірісі іске қосылды. Оларды дайындау үшін Б-55 маркалы



бетон, арматураның алдын ала кернеу технологиясы қолданылады, бұл тасымалдау кезінде құрылымдардың жарылып кетуіне жол бермейді және аязға төзімділігін арттырады. Бүгінде 35 мыңнан астам шпал дайындалды, жобаға барлығы 87,6 мың шпал қажет.

Қазіргі уақытта нысанда рельстер төселуде – ұзындығы 2 шақырым болатын учаскеде, сондай-ақ оптикалық талшықта жұмыс аяқталды. Биыл жұмысқа 2 мыңға жуық адам жұмылдырылды, жаз мезгілінде нысанға 5

мыңға жуық маман тартылады.

«CTS» ЖШС басқарма төрағасы Асылбек Дүйсебаев қыркүйек айында LRT-ны тест режимінде іске қосу, яғни жолаушысыз пойыздарды сынақтан өткізу жоспарланып отырғанын хабарлады. Астанадағы жеңіл рельсті көлік жобасы озық GoA4 стандартына сәйкес жүзеге асып жатыр, бұл 6 айлық сынақ мерзімін талап етеді.

Сонымен қатар Премьер-министрге LRT бойындағы аумақты абаттандыру жобасы таныстырылды. Әуежайдан

Т.Рысқұлов көшесіне дейін ірі ағаштар мен көпжылдық бұталар отырғызылып, автоматты суару жүйесін орнату жоспарланған. Қабанбай батыр даңғылы бойымен Сығанақ көшесіне дейінгі аумақ балалар және спорт алаңдары, жаяу жүргіншілер жолдары қоғамдық кеңістіктерге бөлінген. Әрі қарай жолаушылар ағыны белсенді 2-теміржол вокзалына дейін кең автотұрақтар, велосипедке арналған жолдар жасалып, көгалдандыру қарастырылған.

60-тан АСТАМ КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

Елордада ауа райы жылына салысымен жолдарды абаттандыру, көгалдандыру және жөндеу жұмыстары басталды. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қаланы аралау барысында бірқатар жолдың салыну барысымен танысты. Оның айтуынша, биыл 60-тан астам көшені жөндеу жоспарланған. Тиісті жұмыс елді мекендердегі жолдарды да қамтиды.

«Қазіргі уақытта елді мекендердегі мына көшелерде жөндеу жұмысы басталды: Жаңақоныс, Қарталы, Фахт бен Абдул Азиз, А.Герцен, Ш.Бөкеев және т. б. Сол сияқты Алаш тасжолының 69-көшеден 191-көшеге дейін, Қорғалжын тасжолының Тұран даңғылынан 128-көшеге дейін, Керей мен Жәнібек хандар көшесінің Сауран көшесінен Ш.Мұртаза көшесіне дейін және т. б. Бұдан өзге, биыл ұзындығы 14,7 км болатын 43 нысанның құрылысы жоспарланып отыр. 8 жоба бойынша жұмыс толық көлемде аяқталады, 28 жоба бойынша әрі қарай жалғасады, тағы 7 нысанның жұмысы басталады. Соның ішінде: Қ.Қайсенов көшесі Мәңгілік ел даңғылынан Нұра-Есіл арнасына дейін; Тәуелсіздік даңғылы Қабанбай батыр даңғылы жағынан және т. б.» деді Жеңіс Қасымбек.

Қала басшысының мәлімдеуінше, қазіргі уақытта Н.Тілендиев даңғылы



мен Ш.Бейсекова көшесінің қиылысында екі деңгейлі көлік айырығын салу жобасы жүзеге асып жатыр. Бұл – қаланың негізгі магистральдарының бірінде көлік ағынын оңтайландыруға арналған маңызды инфрақұрылым нысаны. Жоба қиылыста көлік қозға-

лысын едәуір жылдамдатып, жол жүру уақытын қысқартады.

«Биыл Ш.Бейсекова көшесінің бойында Н.Тілендиев даңғылы арқылы толыққанды қозғалысты қамтамасыз ететін өтпе жолдар мен съездердің металл аралықтарының құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Ш.Айтматов көшесі мен Қорғалжын тасжолының қиылысында көлік ағынын сейілту үшін жыл соңына дейін қозғалысты қамтамасыз ете отырып, Қ.Мұхамедханов көшесін салу жобасын іске асыру жүргізіліп жатыр.

Жол жұмысы жол төсемінің сапасын жақсартуға ғана емес, сол сияқты қозғалыс қауіпсіздігі мен тұрғындардың жайлылығын арттыруға бағытталған. Сондай-ақ, жоспарланған жұмыстардың қатарында жаңа тротуарлар салу, аялдамаларға кірме тұстарды, пандустарды және т. б. жайластыру бар» деді елорда әкімі.



ЗАҢ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше Amanat партиясы Астана қалалық филиалында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөнінде заң жобасына енгізілетін бірқатар түзетулер талқыланды. Жиынға Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Екатерина Смышляева, Астана қаласы мәслихатының депутаттары, Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Әнуар Саипов, бірқатар меншіктің мүлік иелері бірлестігі және пәтер иелері кооперативінің төрағалары қатысты.



Ержан ҚОЖАС

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 28 қаңтарда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Тағы бір маңызды міндет – тұрғын үй қорын басқару жүйесін жаппай реформалау. Қала құрылысын жоспарлаудан бастап, нысандарды пайдалануға беруге дейінгі барлық үдерісті цифрлық форматқа толық көшіру қажет» екенін атап айтқан еді. Қазіргі таңда тұрғын үй қорын басқару жүйесі саясатын жетілдіру – заман талабы әрі күн тәртібінде тұрған кезек күттірмейтін күрделі мәселе-лердің бірі.

«Бұл заң жобасының аталмыш саланың өзіне, жалпы бүкіл халыққа, көпқабатты үйдің әр тұрғынына қатысы бар. Бұл жерде талқыланатын мәселе жетерлік. Айта кетейін, заң жобасы қабылданған жағдайда, тарифке әсерін тигіз-

бейді. Мүлік иелері бірлестігі және пәтер иелері кооперативінің ашықтығын қамтасыз етеді. Әрі тұрғындар бұған жіберген өз шығынын бақылай алады» дейді Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева.

Отырыста Amanat партиясы Астана қалалық филиалының «Turgyndar amanatu» жобасының таныстырылуы мен іске асыру тетіктері баяндалды.

«Тұрғындар күнделікті тіршіліктің қамымен мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан саясат пен іске асырылып жатқан бағдарламалар туралы білмейді. Жергілікті атқарушы органдардың іске асырып жатқан жобаларынан бейхабар қалады. «Халық қатысатын бюджет» – халық қатысуымен әзірленетін және іске асатын жоба. Мемлекет басшысы да өз Жолдауында аталған жобаның табысты енгізілгенін атады. Жалпы жергілікті қазына қаржысын жұмсауға тұрғындар-

дың қатысуы – әлемде бар тәжірибе. «Turgyndar amanatu» жобасы аясында өткен арнайы семинарда МИБ және ПИК төрағаларына «Халық қатысатын бюджетке» қатысудың мүмкіндігі мен тәртібі туралы түсіндірілді. Бірқатар төраға бұл жобадан бейхабар, хабары болса да оған қатысудың тәртібін білмейді. Меніңше, аудандық әкімдіктермен қатар, кейбір басқармалар қаланы абаттандыру мен көгалдандыру, тротуарлар мен ағымдағы жол жөндеуге қажет жергілікті бюджетті бөлуде тұрғындарды қатыстыру керек» дейді М.Болысбек.

Биыл ақпан айының ортасынан бастап жаңа аясында МИБ пен ПИК төрағаларына арналған семинар ұйымдастырылған. Коммуналдық қызмет көрсету ұйымдарының қатысуымен болған семинардан 538 төраға өтіпті. Алдағы уақытта мұндай семинарлар кезек-кезеңімен өткізілімек.

Астанадағы «Шипагер» отбасы денсаулығы орталығының әлеуметтік қызметкерлері мен психолог мамандары тұрғындардың, соның ішінде зейнеткерлердің денсаулығын нығайту, белсенді өмір сүру қалпын ұйымдастыру, бос уақытын тиімді өткізу жөнінде ақыл-кеңес беріп, тұрақты түрде «Денсаулық күнін» өткізуді дәстүрге айналдырып келеді.

«ДАРИҒА ЖҮРЕК» – ДЕНСАУЛЫҚ КҮНІ

Жақында «Дариға жүрек» атауымен өткен кешке Есіл ауданы ардагерлер кеңесінің төрайымы Шарипа Үстемірова, аудан ардагерлері қатысып, оның мәнді де мазмұнды өтуіне себепкер болды. Ардагерлерге әлеуметтік қызметкер Күләйхан Бижігітова – белсенді ұзақ өмір сүрудің жолдары, Гүлбану Жұмаханова – инсульт пен инфаркт ауруының алдын алу, Қали Сұрау – таңғы белсенді жаттығулардың

денсаулыққа пайдасы, Есіл ауданы ардагерлер кеңесінің төрайымы Шарипа Үстемірова – белсенді өмір сүру – уақыт талабы, Есіл ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының кеңесшісі Ләйла Изатуллина адам денсаулығының құндылықтары туралы ой-пікірін жеткізді.

Өріс ЯШҮКІРҚЫЗЫ,
Есіл ауданы медиа тобының мүшесі

ҚОЗҒАЛЫС УАҚЫТША ШЕКТЕЛЕДІ

LRT құрылысына байланысты елорданың кей көшелерінде қозғалыс уақытша шектеледі.

City Transportation Systems компаниясының хабарлауынша, 101-102 аралығында болат қорапты арқалықты орнатуға байланысты 15 сәуір күні сағат 08:00-ден 20:00-ге дейін Астана қаласының

оңтүстік-батыс айналма жолы мен Қабанбай батыр даңғылы қиылысындағы жол айырығында Қосшы қаласынан Қарағанды тасжолы бағытына қарай қозғалыс шектеледі.

БАЛАЛАРДЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ

Жыл басынан бері ғана Астанада балалардың биіктен құлауының 11 жағдайы тіркелді. Зардап шеккендердің екеуі жедел жәрдем жеткенге дейін, тағы екеуі стационарда қайтыс болды. Осыған байланысты елордалық құтқарушылар балалардың терезеден құлап кетуіне жол бермеу мақсатында профилактикалық жұмыс жүргізіп жатыр.

Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы балалардың биіктен құлауына байланысты «103» пульгіне келіп түскен қоңыраулардың аудиожазбасын жариялады. Әр аудиода жүрек ауыртар оқиғалар мен жылдам жету туралы өтініштер естіледі. Бұл аудио балалардың биіктен құлауының нақты қайғылы жағдайларын көрсету және ата-аналарды балаларды ашық терезенің, балконның алдында жалғыз қалдырмауға шақыру мақсатында жарияланды. Сондай-ақ, қалалық Денсаулық сақтау басқармасы балалар ауруханасының реанимациясынан кадрлар жариялады. Онда балалар биіктен құлағаннан кейін ауыр жағдайда жатқанын байқауға болады.

Астаналық құтқарушылар көпқабатты тұрғын үйлердің тұрғындарына жадынамалар тарата отырып, қауіпсіздік ережелерін хабарлау жұмысы күнделікті негізде жүргізіледі.

Ал Төтенше жағдайлар министрлігі ата-аналардан қырағылықты арттыруды және балаларды қараусыз қалдырмауды сұрайды.

Оқыс жағдайлардың алдын алу-дағы негізгі қауіпсіздік ережелері:

- үйде кішкентай бала болса, терезені ашық қалдырмаңыз, өйткені бұл баланың өміріндегі соңғы сәті болуы мүмкін немесе оны мәңгілік мүгедек етіп жіберуі ықтимал;
- балаларды қараусыз қалдырмауға шақыру мақсатында жарияланды. Сондай-ақ, қалалық Денсаулық сақтау басқармасы балалар ауруханасының реанимациясынан кадрлар жариялады. Онда балалар биіктен құлағаннан кейін ауыр жағдайда жатқанын байқауға болады.
- балаларды қараусыз қалдырмаңыз, әсіресе терезелер мен есіктердің жанында ойнап отырса;
- тиісті қорғаныссыз москит торларын қолданбаңыз. Балалар оған сүйенемін деп құлап кетуі мүмкін;
- балалардың терезені өздігінен ашуына жол бермеу үшін терезелерге қауіпсіздік құлыптарын (блокаторлар) орнатыңыз;
- бала терезенің алдына шықпас үшін жиһазды терезеге жақын қоймаңыз.





АСТАНА АГЛОМЕРАЦИЯСЫ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Еске сала кетейік, агломерация құрамына Астана және Қосшы қалалары, сондай-ақ Целиноград, Аршалы және Шортанды аудандарының 45 елді мекені кіреді. 2024-2028 жылдарға арналған Астана агломерациясын дамыту жөніндегі кешенді жоспар аясында Ақмола облысында 245 іс-шараны жүзеге асыру көзделген. Жиынды Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов ашты. Өз сөзінде өңір басшысы агломерацияны дамыту Астана мен Ақмола облысы арасындағы берік географиялық, экономикалық және әлеуметтік байланыстарға негізделетінін атап өтті.

«Бүгінгі таңда Астана агломерациясын дамытуға бағыт-

Астана агломерациясына кіретін елорда мен Ақмола облысының елді мекендері арасындағы өзара іс-қимыл мәселелері Қосшы қаласында өткен жиында талқыланды. Іс-шараға Астана және Ақмола облысының әкімдері, өңірлік басқармалар мен аумақтық департаменттердің басшылары қатысты.

талған ірі жобалар іске асырыла бастады. 2024 жылы 8 мектеп салынды, 26,5 мың адамға газ жеткізілді, маңызды қосалқы станция қайта жаңғыртылып, ондаған шақырым жолдар мен сумен жабдықтау нысандары салынды. Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба аясында жаңа нысандар пайдалануға берілді. Ақмола облысы үшін басым бағыттардың бірі боп елорданың

азық-түлік белдеуін қалыптастыру болып қала береді. Өнім жеткізу көлемін ұлғайтып, оны төмен бағамен сататын сауда нысандарын көбейту жоспарлануда. Туризмді дамытуға да ерекше назар аударылып отыр. «Aqmola Invest» инвестицияларды дамыту орталығы құрылды. Қазіргі таңда терең өңдеуге бағытталған көлік-логистика орталығын құру және басқа да ірі жобалар жүзеге асы-

рылуда. Бұл қосымша жұмыс орындарын ашып, елордаға көшу қарқынын төмендетуге мүмкіндік береді» деді Марат Ахметжанов.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өз сөзінде ортақ мәселелерді шешуде жүйелі тәсілдің маңызын атап өтті: «Екінші жыл қатарынан 2024-2028 жылдарға арналған Астана агломерациясын дамыту жөніндегі кешенді жоспар

жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Өткен жылы қалада сауда-өнеркәсіп саласында 8 жоба іске асты. Биыл инженерлік инфрақұрылым, көлік, қала құрылысы, адами капиталды дамыту, экология және қауіпсіздік салаларында 40-қа жуық жобаны іске асыруды жоспарлап отырмыз. Қала маңындағы көші-қонның белсенді ошағы – Қосшы қаласымен өзара іс-қимылдың маңызын ерекше атап өткім келеді. Қосшымен біртұтас көлік жүйесі қалыптастырылып, қала құрылысы жоспарлары түрде келісілуде, инженерлік инфрақұрылымды, соның ішінде электрмен жабдықтау мен газдандыру желілерін үйлестіру жұмыстары жалғасып жатыр» деді Астана қаласының әкімі.

Жиында Ақмола облысы әкімінің орынбасары Ернар

Жаркешов инфрақұрылымды дамыту және басым жобаларды жүзеге асыру туралы баяндама жасады. «Астана бас жоспары» мекемесі директорының орынбасары Азамат Хамитов агломерацияны дамыту барысы жөнінде баяндады.

Тараптар инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту, азық-түлік белдеуін кеңейту жөніндегі бірлескен жобаларды талқылады. Сондай-ақ туризм әлеуетін дамыту, инвестициялық ахуалды жақсарту және жаңа өндірістерді іске қосу мәселелеріне баса назар аударылды.

Кездесу соңында тараптар Астана агломерациясын дамытудың кезек күттірмейтін мәселелерін шешу бойынша бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеуге келісті.

«Үй тұрғындарымен бірге сенбілік өткіздік. Бұл игі істі жыл сайын 12 сәуірде ұйымдастырамыз. Мақсатымыз – жастарды еңбекке баулу, тазалыққа үйрету. Бұл өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі-өнеге деп ойлаймын. Сондықтан барша қала тұрғынын «Таза Қазақстан» акциясын қолдауға шақырамын» дейді «Тұрсын-Астана 2» тұрғын үй кешенінің төрағасы Қуаныш Оспанов.

Сенбіліктен үйдің кішкентай тұрғындары да шет қалмады. Кішкентай балақайлар үлкендерге көмектесіп, қоқыс жинады. Бұдан соң тұрғын үй кешенінің төрағасы Қуаныш Оспановқа тұрғындар төсбелгі тағып, алғыс хатпен марапаттады. Ал тазалық жұмыстарынан кейін тұрғындар Наурыз мейрамын атап өтті. Аулада киіз үй тігіліп, ас әзірленді. Астана қаласы Е.Рахмдиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның өнерпаздары ән шырқап, күй күмбірлетті.

«Таза Қазақстан» ауқымды экология акциясы аясында елордадағы «Жетісу» саябағында қаланың қаржы саласы өкілдерінің қатысуымен ауқымды жалпықалалық сенбілік өтті. Оны қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы ұйымдастырды. Акцияға Ұлттық банк пен екінші деңгейлі банктердің қызметкерлерінен құралған 400-ге жуық адам қатысты. Қатысушылар саябақ аумағын қоқыстан тазартып, ағаш отырғызу орындарын дайындап, абаттандыру жүргізді.

«Осы науқанмен біз көктемгі сенбіліктерді бастап, табиғатты аялау баршаның міндеті екенін көрсеткіміз келеді. Біздің мақсатымыз – тұрғындар арасында тазалыққа жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру, осы

ЕЛОРДАЛЫҚТАР СЕНБІЛІК ӨТКІЗДІ

Елордалықтар «Тұрсын-Астана 2» тұрғын үй кешені аумағында және «Жетісу» саябағында сенбілік өткізді. Аталған тұрғын үй кешенінде 100-ден астам адам жұмыс құралдарын алып, өз аумақтарын қоқыстан тазартты.



Оңалхан ӨНЕРХАН

мақсатта қала тұрғындары уақытын көңілді өткізуі үшін саябақты тазарттық» дейді Ұлттық банктің кадрлармен жұмыс жөніндегі директоры Шолпан Түкбергенова.

Ұлттық банктен қаржы секторының өзге өкілдеріне шақыру аясында «Таза Қазақстан» туының символикалық берілуі іс-шараның көркін арттырды. Бұл акцияға қатысушылардың ортақ іске атсалысуы мен сабақтастығының символына айналды.

Астана қаласының кәсіпкерлері «Таза Қазақстан» акциясына қатысып, Республика даңғылында жаппай сенбілікке шықты. Кафелер, дүкендер және басқа да компаниялардың

қызметкерлері қаланың тыныс-тіршілігі үшін тазалықтың маңызын атап өтіп, айналасын ретке келтірді.

«Ұжыммен бірге ай сайын сенбіліктер өткіземіз. Республика даңғылы – қаламыздың басты көшелерінің бірі. Әрбір кәсіпкер өз аумағында тазалықты қадағалауы тиіс» деп атап өтті елордадағы пиццериялар желісінің менеджері Алтынбек Өмірзақ.

«Тазалық – елорданың әрбір тұрғынының міндеті. Бұл жолы да біз «Таза Қазақстан» экология акциясын қолдап, өз аумағымызды тазалап жатырмыз» деді өз сөзінде құрылыс компаниясы сату бөлімінің қызметкері Бақберген Нысанбай.



АУЫЛДАН НЕГЕ КЕТЕДІ?

Айгүл
УАИС

АУЫЛДЫҢ «АҚСАУСАҚТАРЫ» ҚАЛАНЫ КӨРКЕЙТЕ МЕ?

Ауылдан қалаға ағылудың себептері баршамызға белгілі. Алдымен шектеулі экономикалық мүмкіндіктер алға шығады. Жастарды ауылда ұстап тұратын жұмыстың жоқтығы, түрлі инфрақұрылымның болмауы, денсаулық сақтау және білім беру қызметтерінің төмен деңгейі және ауылдың болашағына деген күмән қалаға бастайды.

Ұлтмыздың өзегі мен құты болған ауылдардың одан әрі құлдырауының басты экономикалық себептерінен басқа да көзге көрінбейтін, бірақ көкейді тербейтін тұстары бар. Өткен ғасырдың соңғы ширегінен бастап урбанизация, кенттену үдерісі басталғалы, ауыл адамын, елдің тұтқасын тәрбиелеу, ауыл тұрғынының мәртебесін көтеру, ел адамын қалыптастыру секілді маңызды мәселерге мемлекет аса көп мән бермеді. Мектептен бастап шәкірттің көңілі қалада болды. Ата-анасы да баласын қамшылап, «қолынды қара майға малып тракторшы болып, не малдың соңында салпақтап жүрмексің бе» деп бесігінен бастап ауылдан бездіре бастайды. Бәрінің есіл-дерті қала болды, бірақ асқақ арманы емес. Қалаға барып, қызмет етемін, үлкен компания ашып елдің экономикасын дамытып, дөкей бастық боламын деген ешкім жоқ. Тәшке айдасам да, қалада жүрсем болды деген ой ауыл баласын қара базардың айналасында тұсап қойды. Қайта оралуға намыс жібермейді, қаланың думаны баурап әкетеді. Мінеки, ауылдан шыққан адам осылайша не ауылдық емес, не қалалық емес екі ортада қалып қолды.

Әрине, ауылда туды ма, ауылда қалсын деген ешкім жоқ. Тандау – кісінің өзінде. Дегенмен, ауылдың да қадір-қасиетін саралап, туған елге, туған жерге деген сүйіспеншілікке баулымаса, ауыл баласын ерте бастан елдің тірлігіне икемдеп, еңбек етуге, мал жайғаудың жайын үйретпесе одан қандай адам шығады. Ауылда қалып, елдің көсегесін көгертіп, өз пайдамды түгендеп, мал өсіріп, егін егіп, елдің іргесін бекітемін деген ой болмаған соң, түбі ауылында қалған адамның да берекесі аз болады.

Қалаға қарай алаңдап, бар уақытын босқа жіберіп алған ауылдың ақсаузақ баласы не жақсылыққа жетеді. Рас, ауыл баласы қала баласындай емес оқыған-тоқығаны аз болуы мүмкін. Ержетіп, ес жиғаннан ауылдың тірлігіне араласып, әр істің көзін тауып істеуге үйренсе, қала баласын он орап кетер еді. Бірақ, ондай тәрбие ауылда жоқ. Тозған ауылдарда, ауылдың шетіне, көшенің

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, ауылдарда 7,5 млн адам, ал қалаларда 12,7 млн адам тұрады. Яғни, қала тұрғындарының үлесі 63 пайызды құрайды. Осы жылдың басында соңғы 25 жылда ауыл тұрғындарының саны бұрын-соңды болмаған қарқынмен азайғаны туралы хабар тараған болатын. Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, 2024 жылы ауылдық елді мекендердің теріс көші-қон сальдосы 111,4 мың адамды құрады, бұл – 2000 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш.

бойында ағаш егіп көркейтпек түгілі, есігінің алдына бір шыбық шанышпайтындар бар. Қорасының шарбағын түзетпеген бала қалада қалай қорған соғады? Кем тәрбие беріп жатқан жоқпыз ба?

Әрине, айтуға оңай. Сонда да ауылдық жерлерде тұрғындар еңбек етудің дағдыларынан айырылып барады. Уақытшалық көңіл күй бұл жерлерде де белең алып келеді. Биыл болмаса келесі жылы қалаға кетеміз деген үміт басым. Шағын болса да ауласында тауық өсіріп, бақшасында картоп егіп, таңның атқанынан күннің батқанына дейін белін жазбай еңбек етудің не екенін ұмытып келеді. Қажет деп де таппайды. Есесіне нан мен сүтті сатып ішіп, іңір түссе теледидарға байланып, күндіз смартфонмен жағаласып отырғаны өтірік емес.

Өткен жылдың сәуір айында өткен үкімет отырысында сол кездегі Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров мәлімдеген мәліметтерге қарағанда, соңғы 10 жылда Қазақстанда 600-ге жуық ауыл жойылып кеткен.

Жалпы, «Ауыл» партиясының мәліметінше, соңғы екі онжылдықта Қазақстан картасынан 1300 ауыл мен ауылдық елді мекен жоғалып кеткен. Нәтижесінде, соңғы кезге дейін бұл көрсеткіш жартысынан асқанымен, елдегі жалпы халықтың 38 пайызы ауылдық жерлерде тұрады.

ҚАЛАҒА ДА САПАЛЫ ҚАЗАҚ КЕРЕК

Осыдан кейін өңірлерден ағылған адамдардың қалалардағы әлеуметтік шиеленістің өршуіне әсері бар деп жатамыз. Ірі қалаларда адам саны артқан сайын қаланың инфрақұрылымына күш түседі, әлеуметтік нысандарына ауыртылып өкеледі. Өз кезегінде қылмыс көбейіп, жаңадан келген мигранттар қалаға бейімделе алмай әлеуметтік шиеленіс артады. Түрлі әлеуметтік жәрдемақы алушылардың саны артып, қала бюджетіне тағы да салмақ түсіреді.

Халықтың нақты «өсу нүктелеріне» келетін болсақ, бұрынғыдай үш мегаполис Алматы, Астана және Шымкент алда тұр. Қалалықтардың жаппай қысқаруы Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында да байқалады. Сонымен қатар, ең үлкен залал осы уақытқа дейін агроөнеркәсіптік кешенді дамыту

тұрғысынан болашағы бар деп жүрген Қостанай облысында да халықтың азаюы болжануда.

Қалалардың өсу қарқыны үкіметте де талқыланды. Мысалы, «Елордаға ішкі көші-қонға байланысты қиындықтарға жауап ретінде» өткен жылдың сәуір айында Астана агломерациясын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған жоспарын қарау басталып, онымен қатар кейбір әкімшілік шараларды енгізу мүмкіндігі талқыланды (осыған байланысты кезінде министр, Премьер-министрдің орынбасары болған Тамара Дүйсенова 2020 жылы тіпті Астанаға көшуді шектеуді ұсынды).

Рас, бұл ретте ауылды аумақтарды дамытуға, бірқатар өңірлердегі тұрғындардың санын көбейтуге, сайып келгенде, қауіпті демографиялық теңгерімсіздікке жол бермеуге арналған бірнеше мемлекеттік бағдарламаларға бұрын бөлінген триллиондаған теңгелер неге жұмсалды деген сұрақ туындайды. Өткен жылдың қаңтарында «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы қолданыстан шықты. Оның өзі бір жағынан еңбек көші-қон процестерін оңтайландыруға (азаматтардың бір қалада топтаспауы үшін), екінші жағынан, оңтүстіктен солтүстікке еңбек ресурстарының тәртіпті және ең бастысы жаппай көшуін қамтамасыз етуге бағытталған мерзімінен бұрын тоқтатылған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының мұрагері болды. «Еңбек» бағдарламасының бюджеті айтарлықтай 500 миллиард теңгеден астам.

Бірақ нәтижесі саз емес. Яғни, статистикаға сенетін болсақ, бұл бағдарлама бойынша бес жыл ішінде солтүстік өңірлерге 45 мыңға жуық адам көшіп келгенімен, қаншасы қалғаны, өкінішке қарай, белгісіз. Оның үстіне Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев сияқты беделді тұлғаның өзі бұл мәселеге қатысты нақты дерек ала алмады; 2024 жылдың ақпанында ол былай деді: «Ресми деректерге сәйкес, 45 мыңға жуық азамат «жаңа отанына» көшті (2023 ж.). Ал ол жақтан қаншасы жұмыс тапты? Қаншасы баспана тапты? Қаншасы түрлі қиындықтарға тап болып, туған жерлеріне оралды? Белгілі бір себептермен бұл мәліметтерді еш жерден табу мүмкін емес».

Шамамен сол уақытта DataMetrics консалтингтік компаниясы жүргіз-

ген талдаудың нәтижелері пайда болды, ол солтүстік аймақтардың демографиялық құрамын және оларға мемлекеттік қоныстандыру бағдарламаларының әсерін жеке зерттеуге тырысты.

Келтірілген мәліметтерге сәйкес, соңғы жылдары жұмыс күші көп облыстардың тұрғындары қоныстандырылған өңірлердің (яғни Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Ақмола, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары) халқы өсіп қана қоймай, тіпті азайған. Соңғы бес жылда қоныс аудару бағдарламасына арнайы шамамен 450 миллиард теңге жұмсалды.

Осы жылдары әсіресе, Солтүстік Қазақстан облысының халқы 20 мың адамға азайып, пайызбен есептегенде ең көп тұрғындарынан айырылған аймаққа айналды. Мұнда да белгілі жағдай, құлдыраған инфрақұрылым, жұмыспен қамтудың жеткіліксіз дәрежесі болмай, сапасыз салынған баспана жыры.

Тімсіз «Еңбек» бағдарламасының орнын «Қуатты аймақтар – ел дамуының драйверлері» ұлттық жобасы басты. Ол 2025 жылдың соңына дейін есептеліп, оған шамамен 7,6 триллион теңге бөлу жоспарланған болатын, бірақ ресми аяқталуға екі жыл қалғанда оны мерзімінен бұрын жою туралы шешім қабылданды.

Қазір Қазақстанның оңтүстігінен солтүстікке жаппай көшу «Серпін» жобасы аясында жүзеге асырылып, оның аясында Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің жастарына солтүстік өңірлердегі жоғары оқу орындарында гранттар бөлінуде. Дегенмен, сарапшылар атап өткендей, бұл бағдарламада оның жүзеге асырылуының сәттілігі туралы қорытынды жасауға де, соның ішінде «өмір сүру деңгейі» жоқ.

Қосымша мәселе – солтүстік облыстар оңтүстіктегідей жұмыссыздықты бастан кешіруде, мектептер, ауруханалар, балабақшалар және басқа да маңызды инфрақұрылымдар тапшылығын тағы қосыңыз. Мамандықтардың қажеттілігін зерделеу және қажетті мамандарды бөлу жұмыстары жүргізілген жоқ. Яғни, қай елді мекендерге механизаторлар немесе малшылар керек, ал қай елді мекенге қажет емес екені түсініксіз болды.

ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ЗАРДАБЫ АУЫР

Қазір әлеуметтік желілер адамның өміріне етене енгені соншалық, «Көп лайк жина – жетістікке жет, көпке пайдаңды тигіз – подпискаға қосыл», «Лайк – көңіл көтереді, бірақ мақсатқа жеткізбейді» деген қанатты сөздер қалыптасып үлгерді. Бұл – төрткүл дүниеге дабыл қақтырып отырған мәселе.

Әлемдік деңгейде белгілі психологтар Жан Твенге, Джонатан Хайдт, Шерри Теркл, Николас Карр, Адам Альтер әлеуметтік желі жастар арасында депрессияны күшейтіп, назар аудару қабілетін төмендетіп, тәуелділік тудырып, адамдар арасындағы шынайы қарым-қатынасты әлсірететінін дәлелдеп, авторлық кітаптарын жазды.

Әлеуметтік желінің рухани-мәдени зиян-залалын қазірдің өзінде сезініп отырмыз. Халықаралық Kaspersky Lab компаниясы өткен жылы жүргізген сауалнамаға назар аударсақ, санаға салмақ түсіріп, көңілге мұң әкеледі. Оның деректеріне сүйенсек, Қазақстандағы балалардың 88%-ында жеке смартфон бар. Ал оның 28%-ы барлық бос уақытын гаджетте өткізетіні белгілі болды. Жасөспірімдердің 74 пайызы – TikTok-ты, 59 пайызы – YouTube-ты, 57 пайызы Instagram-ды белсенді пайдаланады. Әрбір бесінші ата-ана өз баласының әлеуметтік желілердегі парақшасында қандай ақпарат жарияланғанын білмейді. Ата-аналардың 62%-ы балаларының экран алдындағы



уақытын бақылау үшін ешқандай арнайы бағдарлама мен шектеу қолданбайды. 4-6 жас аралығындағы балалардың 17 пайызы интернет арқылы сатып алулар жасайды. Бұл ата-аналарға қаржылық шығын келтіріп қана қоймай, бала үшін де қауіп төндіретіні айтпасақ та түсінікті.

Әлеуметтік желіге деген тәуелділіктің зардабы тым ауыр. Қазір Оңтүстік Корея мен Канада ондаған сауықтыру орталығын ашып, заманауи гаджеттерге тәуелділерді сауықтыруды қолға алды. Желіге желіккендер психологиялық, физикалық, әлеуметтік қиындыққа тап келуде. Мысалы, Гонконг, Қытай университетінің зерттеулері бойынша, интернетке тәуелді жасөспірімдер арасында психологиялық ауытқуларға тап болу көрсеткіші 2,5 есе жоғары. Депрессияға шалдығу ықтималдығы 3 есе көп болады екен. Бүгінде әлеуметтік желіні шектеп жатқан елдер аз емес. Олардың қатарына Қытай, Оңтүстік Корея, Франция, АҚШ, Австралия және тағы басқа дамыған елдерді жатқызуға болады.

Атап айтсақ, Қытайда 2023 жылы кәметке толмағандардың мобильді құрылғыларды қолдануын реттейтін заң жобасы ұсынылды. Оған сәйкес, балаларға кешкі 22:00-ден таңғы 6:00-ге дейін смартфондарды пайдалануға тыйым салынды. Франция үкіметі 15 жасқа дейінгі оқушылар үшін мектептерде телефон пайдалануға тыйым салып, балалардың интернетке қолжетімділігін заңнамалық деңгейде реттеді. Осындай ондаған мысалды келтіруге болады.

Елдің болашағын, өскелең ұрпақтың қамын ойласақ, онда қазірден бастап нақты шешімдер қабылдауымыз қажет. Яғни, жасөспірімдердің әлеуметтік желілерді пайдалануын заңмен реттеу керек.

Жарқынбек АМАНТАЙҰЛЫ,
Мәжіліс депутаты



ДӘСТҮР МЕН ДӘМ ҮЙЛЕСІМІ

Қазіргі таңда қазақы құндылықты дәстүрге сай лайықтап, жас буынға жеткізу – отбасыдан кейін білім беру ұйымдарының жауапкершілігінде. Осы міндетке жіті мән берген астаналық технологиялық колледж бірнеше бағытта жобаларын ұсынып отыр. Соның алғашқысы – ұмыт болған ұлттық асты жаңғырту.

Колледждің өндірістік оқыту шебері, 6 жылдық еңбек өтілі бар маман Жанар Атенқызының айтуынша, колледж студенттеріне мамандықтың қыр-сырын жетік меңгертіп қана қоймай, ұлттық тәрбие беруді де көздейді.

«Ас – адамның арқауы» дейміз, аспаз – ешқашан өлмейтін мамандық. Сондықтан студенттер әр сабаққа зор құлшыныспен келеді. Ал биыл «Жұмысшы мамандықтары жылына» орай ұлттық құндылыққа бағдарланған тақырыптарды қамтуды қолға алдық. Ұмыт болған ұлттық асты жастар арасында барынша насихаттау – біздің негізгі миссияларымыздың бірі. Әр асты дайындап қана қоймай, оның мән-маңызын ұғындырамыз. Себебі қазақ асханасындағы әр тағамның өзіндік философиясы мен астары бар. Мәселен, студенттермен бірге дайындалатын тағамдардың бірі – «өкпе сүт». Бұл тағам ағайын, туыстың көңілін табу үшін пісірілетін болған. Бұрын аналар бір-біріне өкпелеп жүрген ағайынды татуластыру үшін осы тағамды әзірлеген. Одан бөлек «жөргем» ішек-қарыннан жөргемдеп дайындалады. Тұздап, кептіріп отқа қарып жесе де болады. Өте пайдалы әрі құнарлы ас, дәрумендерге бай. Студенттер сабақ барысында өздері ұнатып, бағасын беріп жатады. Ендігісі «жаужүрек» деп аталады. Бұл – бауырдан қойдың іш майына орап лезде дайындалатын, ыстық тіскебасар есебінде жүретін тағам.

Ұлттық асты заманға сай лайықтаудың бір әдісі – әрлендіруге мән беру. Шетелдік тәжірибені мысалға алып, тағамды әдемі ұсынудың жолдарын студенттермен бірге сабақ барысында ойластырып, талдаймыз» деді Ж.Атенқызы.

Биыл колледж қабырғасында аспаз мамандығы алғаш рет ашылды. 2 жыл 10 ай оқылатын мамандықта бүгінде 125 студент білім алып жатыр. Со-

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҰЛЫҚТАҒАН КОЛЛЕДЖ

Жаһандық дәуірде салт-дәстүрімізден, тілімізден, түп-тамырымыздан ажырап қалмай, оны жас ұрпақтың арасында дәріптеп, нығайта түсу аса маңызды. Осы тұста елордалық білім беру ұйымдары ішінде ұлттық құндылықты білім алушылардың бойына сіңіруде Астана қаласының технологиялық колледжі бірқатар бастамаларды қолға алып, тың жобалардың нәтижесін көрсетіп келеді.

лардың қатарындағы 1-курс студенті Ильдар Мұқышев өз қызығушылығымен осы салаға келгенін жеткізді. Студент аз уақыт ішінде тәжірибеден өтіп те үлгеріп, нарықта мамандыққа сұраныс бар екенін атап өтті.

ЗАМАНҒА САЙ ЖАҢҒЫРТҚАН

Еліміз бойынша наубайшы мамандығы осы колледждің базасында ашылды. Бұл бағытта тәжірибесімен бөлісіп, білім беріп келе жатқан оқытушы Әйгерім Қуанышқызының өзі де – аталмыш оқу орнының түлегі. 14 жылдан астам еңбек өтілі бар маман колледж мамандарын оқытудағы басты бағытымыз тек денсаулыққа пайдалы, ешбір қоспасыз нан өнімдерін дайындау дейді.

– Бүгінде студенттеріміз экологиялық таза нанның түр-түрін пісіруге дағдыланған. Олар тек су мен ұннан қамыр көтеріп, оны бірнеше күнде ашытады. Мұндай өнімдердің таза әрі пайдалы екені тәжірибе жүзінде де дәлелденді. Ал қарапайым дүкендегі ашытқымен кез келген адам нан пісіре алады.

Қазақылықтың иісі аңқитын нан өнімдерін ұсыну, әрі ұлттық тағамдардың өте таза екенін жеткізу алғашқы сабақтардан-ақ білім алушыларға айтылады. 1-курс студенттеріне алдымен таныстыру сабағы өткізіледі. Техникалық қауіпсіздік ережелерін жетік білгеннен кейін олар тәжірибеге кіріседі. Жеңіл-желпі тағам түрлерінен күрделі нан өнімдерін пісіруге дейін студенттер машықтанады. Маңыздысы, өнімдер ысырап болып қалмайды. Ұн, тұз, қант секілді басқа да қажетті заттарды белгіленген мөлшермен қолдану – жас маман меңгеруі керек негізгі дағдылардың бірі.

Қазіргі таңда біз тары, тал-



қан, түйе сүті бар бауырсақ, чизкейк, жент қосылған печенье дайындап, қанттың орнына балқаймақ қосу секілді қызық тәжірибелер жүргізіп, ерекше өнімдер шығарамыз. Ұлттық нақышы бар өнімдерді шығаруды жолға қоятын мекемелермен серіктестік байланыс орнатылған. Сондықтан студенттер 2-3 курстан-ақ жұмыс берушілердің ұсынысын қабылдап алып жатады, – деді оқытушы.

2022 жылдан бастап колледждерге академиялық дербестік берілгені белгілі. Нәтижесінде жергілікті кәсіпорындармен ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік туды. Технологиялық колледж осы мүмкіндікті пайдаланып, бірқатар кәсіпорынмен келісімшарт жасасқан. Сондай

мекемелердің қатарында этностильді «Sandyq» және «Tagu» мейрамханалар желісі бар.

Колледждің аспаз-кондитер мамандығы бойынша оқитын 2-курс білім алушысы Қарақат Ораздың сөзінше, оқу ошағы көп мүмкіндікке жол ашты. «Жақында біз бауырсақ пен қуырдақтың қосындысынан құралған бауырдақты дайындап үйрендік. Бір жағынан, бұл бүгінгі бургерді алмастырса, екінші тұрғыда қазақы болмысымыздан сыр шертіп отырады. Өз басым бірнеше кондитерлік мейрамханаларда тәжірибемді шыңдап, қабілеттерімді жетілдіре түстім. Оқу барысында үйренгенім көп, ал басты түйгенім – әр нәрсеге ұқыпты әрі тиянақты қарау» деді студент.

ЭТНОСТИЛЬ – ТРЕНДТЕ

Білім ошағында оқытылатын ендігі мамандық – тігінші. Колледждің жас шеберлері кеңсе қызметкерлеріне арналған заманауи үлгідегі қаже-кейлер топтамасын дайындап, көпшіліктің назарына ұсынды.

– Соңғы жылдары ұлттық киімді Наурыз мерекесінде ғана емес, ағайын арасындағы той-томалаққа да, күнделікті өмірде де киіп жүру дағдыға айналып келеді. Ата-бабамыздан аманат болып қалған салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды бүгінгі заманға сай жаңғыртып, жаңартып алып келе жатқаны, кейінгі ұрпаққа үлгі ететіні қуантады. Студенттеріміз де күнделікті сабақта киетін алжапқышты этностильде өздері тіккен. Қазақы нақыш беретін ою-өрнектің түр-түрін жапсырып, әшекей бұйымдармен әркім қалауынша безендіріп жатады. Яғни, жас буынның салаға қызығушылығы артып келеді. Оның үстіне бүгінде колледж қабырғасында орта білім беру ұйымдарымен бірлескен «Бір мектеп – бір дағды» жобасы жүргізіледі. Жоба аясында 8-9 сынып оқушылары колледжге келіп, тігін өндірісі бойынша тәжірибе жинай алады. Бұл – кәсіптік бағдар беруде таптырмас мүмкіндік, – деді өндірістік оқыту шебері Айнаш Мұратқызы.

Болашағын тігіншілікпен байланыстырғысы келетін студенттердің бірі – Назерке Серкебай. 1-курс білім алушысы алғашқы жылдан-ақ өндірістік тәжірибеден өткенін айтты.

«Колледжге түскеннен кейін бұл жерде мықты мамандар оқытатынын түсіндім. Ұстаздардың студенттердің жан-жақты дамуына көмектесіп, үнемі қолдап отыратыны ұнайды. Жалпы алдағы уақытта өзімді қандай салада көретінімді айқындап алдым, мен үшін маңыздысы сол. Басқа білім беру мекемесінде менің осындай қабілеттерім ашылмас па еді?! Алдағы уақытта өзімнің тігін салонымды ашсам деп армандаймын» деп бөлісті студент.

Назерке секілді айқын мақсаты бар жастардың ендігі арманы – отандық өндірісті алға жылжытумен бірге, көпшілікке қазақы болмысымызды танытып отыру. Ал ұлттық құндылыққа сүйенген мұндай тәрбие жемісті болары, әрі ұрпақтар сабақтастығын жалғастырады сөзсіз.

Бетті дайындаған
Индира БЕРЖАНОВА

ЖАС ҒАЛЫМ – ЖАҢА ТЫНЫС

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде І Республикалық «Жас ғалым» форумы өтті. Әр өңірден 300-ге жуық қатысушы жиналып, отандық ғылым әлеуетін дамытуға бағытталған жобаларымен бөлісті.

Жиында сөз алған Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек елімізде ғылымның дамуына қарқынды көңіл бөлініп келе жатқанын атап өтті.

«Дүние жүзінде жоғары білімді қаржыландырудың 3 негізгі қайнар көзі бар: мемлекеттік бюджет, шетелдік студенттер және ғылым. Оның ішінде шетелдік студенттерді көппен тартудың тиімділігі басым. Жоғары білімге өзге елден келген білім алушылар инвестиция салып, академиялық туризмді дамытады. Ал ендігі жолы ғылыммен ақша табу қыруар қаржыдан бұрын білікті зерттеушілерді қажет етеді. Алайда елімізде бұған жетудің қиындығы жоқ емес. Қазақстандағы жоғары білім алушылары қатарының 92%-ын бакалавр студенттері, 6-7%-ын – магистрлар, ал қалғанын докторанттар құрап отыр. Оңтүстік Кореяны мысалға алсақ, оларда 42%-дық үлес магистрлар санатына тиесілі. Яғни мемлекеттің зерттеушілік әлеуеті жоғары. Десе де, бір қуантарлығы, қазір 25,5 мың қазақстандық ғалымның 46%-ы – 40 жасқа дейінгі жас ғалымдар. Әлі де тың жобаларын ұсына-тын жаңа буын қажет» деді министр.

Еліміздің докторантурадан кейінгі институтты қолдау арқылы ғалымдар санын көбейту және елдің ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған «Жас ғалым» бағдарламасы үш жылдан бері жүргізіліп келеді. Осы жылдар ішінде конкурстық жолмен 688 грант бөлінді.

Бағдарламаға қатысушылар республиканың 18 өңірінің 74 ғылыми ұйымы мен жоғары оқу орындарында ғылымда алғашқы қадамдарын жасауда. Солардың қатарында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ақпараттық технологиялар факультетінің оқытушысы Нұрзада Амангелді қазақша ымдау тілін танудың интеллектуалды жүйесін ұсынды. Ғылыми жоба жасанды интеллектке негізделген және сөйлеу мен есту қабілеті бұзылған жандарға арналған.

– Жоба Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың «Жаңа Асу» грантынан басталды. Содан кейін «Жас ғалым» грантының иегері атандым. Жобам инклюзивті инновациялар консорциумының құрамына еніп, Дүниежүзілік банктің қолдауына ие болды. Яғни инновация нағыз өнімге айналды. Алғашқы келісімшарттар жасалды, ақпараттық жүйелерге енгізу бойынша бастамалар қолға алынды. Бүгінгі таңда жоба толығымен коммерциализацияланп, нарыққа шығарылды, бірнеше ұйыммен нақты серіктестік бар, – деді ғалым.

ЖАҢА АУДАНДА БАСҚАРМА АШЫЛДЫ

Елорданың қарқынды дамып келе жатқан аудандарының бірін қамтитын Сарайшық ауданының жаңа Полиция басқармасының ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Марат Төлебаев қатысты.

– Азаматтардың қауіпсіздігі – біздің басты басымдығымыз. Сарайшық ауданында жаңа басқарманың ашылуы – бұл ауданның қарқынды дамуын, халық саны мен инфрақұрылымның өсуін ескере отырып жасалған маңызды қадам. Біз «Заң мен Тәртіп» қағидаттарын қатаң сақтай отырып, тұрақтылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуіміз қажет. Басқарма ұжымы алға қойылған міндеттерді лайықты орындап, қоғамдық тәртіпті тиімді қамтамасыз етіп, халықтың полицияға деген сенімін арттыруы тиіс, – деді ол.

Сарайшық ауданы Полиция басқармасының бастығы қызметіне полиция полковнигі Бауыржан Наушаев тағайындалды. Оның ішкі істер органдарында жалпы қызмет өтілі 24 жылдан асады, әрі ол жедел және басшылық қызметтерде мол кәсіби тәжірибеге ие. Жаңа басқарма Мұхамеджан Тынышбайұлы көшесі, 8-үйде, «Нұрлы жол» теміржол вокзалының ақимшілік ғимаратында орналасқан. Нысанның жалпы аумағы – 1812 шаршы метр. Басқармада жедел басқару бөлімі, тергеушілер, жедел уәкілдер, учаскелік инспекторлар және басқа да бөлім-



шелердің кабинеттері бар. Ғимарат қызметкерлердің тиімді жұмыс істеуіне және азаматтарды қабылдауға қажетті барлық жағдайлармен жабдықталған.

Басқарма 6963 гектар аумақта орналасқан, халқы 180 мыңнан асатын ауданды қамтиды. Мұнда 81 білім беру мекемесі бар, оның ішінде 61 балабақша, 18 мектеп және 2 университет орналасқан. Сондай-ақ ауданда 5 учаскелік полиция пункті, сауда-ойын-сауық орталықтары, мемлекеттік және жекеменшік мекемелер, саябақтар, скверлер мен тұрғын алаптар бар.

Жаңа басқарма ауданның құқықтық тәртібін қамтамасыз етуде маңызды буынға айналып, азаматтардың өтініштеріне жедел әрекет ету тиімділігін арттырады.

«Заң және тәртіп» баяндамасын іске асыру аясында Астана қаласы прокуратурасының үйлестіруімен полиция мен жергілікті атқарушы органдар вандализмге қарсы күрес бойынша жұмыстар жалғасуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық мүлікті бүлдіргені, бұзақылық пен вандализм үшін жазаны қатаңдату қажеттігін мәлімдеді. Оны жүзеге асыру «Нөлдік төзімділік» қағидаты бойынша жүргізілуі тиіс.

ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

«Нөлдік төзімділіктің» негізгі қағидаты – барлық азаматтардың мемлекеттегі тәртіп пен қауіпсіздік үшін жауапкершілігі. Көбіне мұндай әрекеттерді азаматтар қасақана, яғни саналы түрде жасайды, өздеріне есеп береді, басқа біреудің мүлкін бүлдіреді. Әрбір азамат кез келген құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілік көзделгенін білуі тиіс.

Жыл басынан бері бөтеннің мүлкін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін барлығы 61 адам жауапқа тартылды, оның 40-ы әкімшілік қамауға алынды, 21 адамға 3 605 440 теңге көлемінде айыппұл салынды. Мәселен, биыл 9 наурызда елорданың 27 жастағы тұрғыны бөтеннің меншігіндегі шлагбаумды қасақана сындырды. Сот арқылы оған 137 620 теңге айыппұл салынды. Тағы

бір жағдайда, 22 жастағы адам мас күйінде аялдама есігін әдейі зақымдады. Ол 15 күнге қамауға алынды. Осындай оқиға 13 наурызда таңғы сағат 05:00 шамасында Ш.Құдайбердіұлы көшесінде болып, 61 жастағы тұрғын мас күйінде «Микс Прайс» дүкеніндегі витринаны әдейі сындырған, ер адам 10 тәулікке қамауға алынды. Әрбір азамат өзінің азаматтық ұстанымын көрсетіп, қандай да бір құқық бұзушылықтар, тіпті ең кішісін де жасамауы тиіс екендігіне назар аудартылады. Прокуратура елорда тұрғындары мен қонақтарына бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, 60 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не 30 тәулікке дейін қамауға алуға әкеп соғатынын ескертеді.

ЖАЛҒАН ХАБАРДЫҢ САЛДАРЫ АУЫР

Прокуратура терроризм туралы жалған хабарлау салдары туралы ескерту береді. Соңғы уақытта ықтимал терроризм актілері туралы көрінеу жалған хабарлау фактілері жиілеп кетті. Егер 2023 жылы елордалық соттарда аталған санаттағы істер қаралмаса, 2024 жылы сот үш адамға қатысты айыптау үкімін шығарды.

Астана қаласының прокуратурасы азаматтарға қоғамда дүрбелең туғызып қана қоймай, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін осындай іс-қимылдар салдарының ауырлығы туралы еске салады. Қылмыстық кодекске сәйкес 273-бап, дайындалып жатқан терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабар 5 000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға дейін жазаланады.

Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарламалар қоғам үшін ғана емес, сонымен бірге ресурстары тергеуге, адамдарды эвакуациялауға және қауіпті объектілерді бұғаттауға жұмсалатын мемлекеттік құрылымдар үшін де үлкен зардапқа әкеледі. Мұндай хабарламалардың әрқайсысы дереу жауап беруді қажет етеді, бұл түсініспеушіліктерге, экономикаға зиян келтіруге әкеліп, нақты қауіп-қатер төндіруі мүмкін. Бұл ретте арнаулы қызметтердің шыққаны және жұмсалған бюджет қаражаты үшін кінәлі адамнан залал толық көлемде өндіріледі.

Егер кәмелетке толмаған

адам кінәлі болса, залал заңды өкілдерден, яғни аталардан өндіріліп алынады. Мысалы, 15 жастағы жасөспірім Астанада отырып электронды пошта арқылы Көкшетау қаласындағы мектептердің біріне бомба бар екендігі және оған 200 000 теңге тастау керектігі туралы хат жолдады. Оқиға орнына келген полиция қызметкерлері жарылғыш заттардың жоқтығын анықтады. Арнайы қызметтерге кеткені үшін залалды кінәлі деп танылған және 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеуге сотталған кінәлі жасөспірімнің ата-анасы өтеді. Прокуратура азаматтар мен ұйымдарды терроризмге қатысты кез келген ақпаратпен жұмыс істегенде жауапты болуға шақырады. Бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде немесе басқа платформаларда таратылатын жалған хабарламалар қоғамға зиян келтіреді және қауіпсіздікке қауіп төндіреді. Прокуратура азаматтардың құқық қорғау органдарына нақты қауіп төнген жағдайда ғана жүгінуіне және тексерілмеген ақпаратты таратпауға кеңес береді. Жалған хабарламаларға күдік туындаған жағдайда осындай фактілер туралы құқық қорғау органдарына хабарлауды сұрайды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫ БОЛУ – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Заң және тәртіп» бағыты бойынша Астана қаласының Полиция департаменті қызметкерлері студенттерге түрлі тақырыптарда оқу-ағарту дәрістерін өткізуде. Сондай профилактикалық дәріс Байқоңыр ауданы тәртіп сақшыларының ұйымдастыруымен «Қылмыстық құқық бұзушылық ұлтаралық араздықты тудырудың алдын алу», «Әкімшілік жауапкершілік», «Буллинг» тақырыптарында Астана қалалық Қазтұтыну-одағының жоғары колледжінде 1-курс студенттері арасында өтті.

Өскелең ұрпақты заңды құрметтейтін етіп қалай тәрбиелеуге болады? Құқық қорғау органдары өкілдерінің айтуынша, ол үшін профилактика және тәлімгерлік ету керек. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында төбелестен бастап ауыр қылмысқа дейін жасайтындардың шығуы алаңдатып отыр. Олардың көбі сол әрекетімен заң бұзып жатқанын білмейді. Мұның арты қандай жауапкершілікке әкелетінін бағамдайды. Сондықтан құқықтық сауатсыздық – бүгінгі таңдағы нағыз қауіп болып отыр. Сол

себепті өкілетті органдарға 7-сыныптан бастап мектептерде «Заң мен тәртіп» пәнін енгізу ұсынылды. Оны тәжірибелі заңгерлер, құқық қорғау органдарының ардагерлері жүргізіп, білімін ғана емес өмірлік тәжірибесін де балалармен бөліседі.

– Жастар заңның мәнін түсінген кезде жан-жағын бағдарлай алады, қорқыныштан арылып, тәртіпке бағынады. Істеген ісінің салдары туралы ақпаратты толық білетін бала болашағын ойлайды. Оны тек өз қатарластарына ғана емес, отбасына да,

көршілеріне де айтады. Бүгін біздің колледжде де осындай танымдық дәріс өтті, мұндай іс-шараларға біз қашан да қолдау білдіреміз, себебі колледж түлектерінің құқықтық сауатын көтеру алған басқа білімінің маңызын арттырады, – дейді аталған колледж директоры Мырзабек Кужимов.

Осындай дәрістер өткізуге заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, заңдылық және құқықтық тәртіп комис-

сиясының төрағасы Есберген Алауханов сынды тұлғалар да оқу-ағарту тұрғысынан үлес қосуда. Ол – әрі осы «Заң мен тәртіп» жобасы бойынша дәріс беру бағдарламасының жетекшісі.

– Заң – берекелі тұрмыс кепілі. Мектеп оқушылармен жиі кездесіп, дәріс беремін. Ішінде көзі ашық балалар өте көп. Кейбір балаларды байқасаң, ата-анасынан алған тәрбиесі аздау, олардың әке-шешесі тұрмыс қамымен жұмыста жүріп балаларын қараусыз қалдырған. Сондықтан сол олқылықтың орнын толтырып, жастарға құқықтық және басқа да тәрбие беру үшін полиция қызметкерлерімен бірлесіп, оқу орындарына барып, дәрістерді тек студенттер мен оқушылардың ғана емес, сонымен қатар алдымен педагогтардың арасында да өткізудеміз. Олар құқықтық сауатты болса әрі қарай шәкірттеріне де дұрыс дәріс бере алады. Бұл – бізде кенжелеп қалған нәрсе. Президент Жолдауында да, құрылтай кезінде де құқықтық мемлекетте азаматтардың бәрі құқықтық сауатты болуы кептігінін айтады. Сол себепті басқа да мекемелер басшыларына дәрістер берілуде, бұл жобаның құрамында ғалымдар, отставкадағы судьялар, құқық қорғау органдарының тәжірибелі басшылары бар. Қазіргі таңда «Мектептегі оқушыларға құқықтық тәрбие беру» оқу құралын дайындап, аяқтадық, соны 5000 данамен шығарып, тегін тарату жоспарлануда. 17-18 сәуір күндері осы тақырыпта Чувашия және Татарстан елдерінің шақыруымен дәріс оқуға бара жатырмыз, – дейді ол.



№43 (4787) 15/04/2025 Сейсенбі

КҮМБІРЛЕГЕН КҮЙ КЕШІ

Астанада Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші Нұрғиса Дәуешовтің «Тиек» атты шығармашылық концерті өтті.



Іс-сараға Мәжіліс депутаттары Бақтықожа Ізмұхамбетов, Абзал Құспан, Нартай Сәрсенғалиев, ҚР Премьер-министрінің кеңесшісі Ералы Тоғжанов, ақын Бауыржан Халиолла және астаналық өнерсүйер қауым қатысты.

Өнерлі отбасында дүниеге келгендіктен, кеш иесінің есімі Нұрғиса Тілендиевтің құрметіне Нұрғиса деп қойылған екен. Сондықтан да болар күйші алдымен «Әлкисса» күйінен бастады.

Кеш барысында Құрманғазының «Аман бол шешем, аман бол», «Көк-ала ат», «Байжұма», «Төрмұрат», Махамбеттің «Жұмыр қылыш», Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу», Тұякберді Шәмеловтің «Қали-Мәмен – күмбір күй» шығармаларын нақышына келтіре орындады. Кештің ерекшелігі – өнерпаз әр шығарманың тарихына тоқталып, көрерменге жеткізіп отырды.

– Бүгінгі кездесу өзім үшін халыққа есеп беру деп ойлаймын. Оның

себебі жастайымнан ата-анамның маған артқан үміті, ұстаздарымның сенімі болатын. Мен үшін елдің алдында есеп беру – сахнаның, күйдің, өнердің қияметін сезіну, келешектегі шығармашылық жұмысыма жүктейтін жауапкершілік деп білемін. Қазақтың күйлері мың жасасын, – деді күйші Нұрғиса Дәуешов.

Бұдан бөлек, кеште «Қорқыт» этно ансамблі, Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының Камералық хоры өнер көрсетті. Сондай-ақ Қырғызстаннан арнайы келген қырғыз мәдениет саласының үздігі Гүлшат Таалайбекова қомызымен күйден шашу шашып, көпшіліктің қошеметіне бөленді. Ал Астана қаласы әкімдігі Музыкалық жас көрермен театрының актерлері Қ.Сариннің «Күй өлең» шығармасын орындаса, кеш авторының ұл-қыздары Дина Дәуешова мен Кемел Дәуешов те өнерлерін ортаға салды.

ЕҢБЕК АДАМЫН ЖЫРЛАДЫ

Петропавлда командалық айтыс мега-жобасы аясында жергілікті өнерпаздар астаналықтармен республикалық айтыстың екінші айналымында кездесті.

Айтыскер-ақындар мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы және Аманат партиясы ұйымдастырған жоба былтыр басталып, биыл жалғасын тапты. Ел көлемінде ұйымдастырылған мега жобаға қатысқан 20 команданың 10-ы келесі кезеңге өтіп бақ сынады. Оның қатарында солтүстіктің өнерпаздары да бар, бірінші кезеңде олар Шығыс Қазақстан облысының командасымен сахнада кездесіп, жеңіске жетті.

Бұл жолғы кезең «Еңбек адамы – ел мақтанашы» тақырыбында өтті. – Бірінші айналымнан өткен 10 құрама ішінен жартылай финалға өткендерді саралайтын боламыз. Жартылай финал мамыр айында Астанада өтеді, – деді мега-жобаның авторы Аманжол Әлтаев.

Қазылар алқасын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман бастады. Әр өнер көрсеткен жұптың бағасын сол саланың маманы ғана бағалай алды.

Қос өңір арасында өткен өнер бәйгесінде ақындар «түре», «сүре»,

«қайым» және «қыз бен жігіт айтысы» жанрлары бойынша сынға түсті. Сонымен қатар күй, жыр, терме және дәстүрлі ән бойынша да мықтылар анықталды. Мега жобаның бұл кезеңінде теріскей командасында өзгеріс бар. Термені Мейрамгүл Здуалиева айтса, күй тартуға Асхат Ғалеев шықты. Қыз бен жігіт айтысында Берденбек Мырзат бақ сынады.

Бір айда екінші рет өтіп отырған додаға келген қауым көп. Қазақтың күмбірлеген күйі мен төгілген жыры келген көрерменнің делебесін қоздырып, қиқуға басты. Айтыскерлер болса қағытпа сөздер арқылы бір-бірін шымшып өтіп, қоғамдағы өзекті мәселелерді де көтере білді.

Доданың қорытындысы бойынша Астана қаласының командасы бас жүлдені жеңіп алып, республикалық айтыстың келесі кезеңіне жолдама алды. Жеңімпаз команда мүшелеріне: әр ақынға – 500 мың теңгеден, ал жыршы, термеші, дәстүрлі әнші және күйшілерге 250 мың теңгеден берілді.

ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ҰЛЫС ТОЙЫ

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде әз-Наурыз тойланды.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Университет алаңқайындағы ақ шаңқан киіз үйлер мен салтанатты сахна Ұлыс тойының ажарын айшықтап көрсетеді. «Құтты қонақ келсе, қой егіз қозы туады» дегендей, Ұлыс тойына Нидерланд Ауыл шаруашылығы министрлігінің бас хатшысы Ян-Кис Гуд мырза бастаған шетелдік мәртебелі меймандар келіпті. Ресми рәсімде Ян-Кис Гуд мырза, Ғылым және жоғары білім министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі Білім комитеті төрағасының орынбасары Ақерке Абылайхан, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің басқарма төрағасы – ректоры, ҚР ҰҒА академигі Қанат Тіреуов құттықтау сөз сөйледі. Оқу ордасының басшысы бұл оқиға Қазақстан мен Нидерланд арасындағы ынтымақтастықтың, сондай-ақ қазақ халқының бірлігі мен ынтымақтастығын нығайтудың жаңа кезеңі болатынына сенім білдірді.

Одан кейін шетелдік мейман кішкентай қазақ баласының тұсауын кесті. Қазақы дәстүрге сай оның иығына шапан жабылды. Университет ұжымының қонақжайлығына риза болған Ян-Кис мырза бұл күн ұмытылмас әсер сыйлағанын, ұлттық дәстүрлеріміздің таңдай қақтырғанын жасырмай айтты.



Салтанатты сахнадағы театрландырылған көрініс көпшіліктің көңілінен шықты. Ол жерден көрермендер қазақ ертегілері мен аңыздары кейіпкерлерінің жаңарған бейнесін көрді. Ақ боз атқа мінген Қыдыр ата ақ батасын берді. Бұл жаңарған күн мен жарқын болашақтың басталуын бейнелейді. Университет студенттері ұлттық киіммен шыққан би көші, қара жорғаны топтасып билеу, шырқалған әсем әндер бірлік пен жасампаздық тойының сән-салтанатын одан әрі арттырып,

күллі төңірекке паш етті. Киіз үйлерге кіріп, қазақы ақ дастарқаннан дәм таттық. Дәмі тіл үйретін наурыз көже, қымыз бен шұбат, үлкен ас, қонақ күтіп жүрген ұлттық киім киген қыз-келіншектердің ашық-жарқын қабағы, ұйымдастырушылардың асқан қонақжайлығынан көңіліміз көк тіреді. Сәкен университеті Ұлыс тойын осылай дүркіретіп тойлап, ауыл-ананың құшағын, ықыласын, ниетін жалпақ жұртқа бір жарқыратып көрсетті.

«МАХАББАТ ӘУЕЛІ АДАМНЫҢ АДАМДЫҒЫ...»

Астана қаласының № 98 мектеп-лицейінде «Махаббат әуелі адамның адамдығы...» тақырыбы аясында Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойына орай 8-11 сыныптар арасында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» әдеби сайысы өтті.

Әдеби сайыстың ашылуында ардагер ұстаз Светлана Мағазқызы ақ батасын беріп, шашумен бастады. Мектептің жас ұстаздары махаббат поэзиясын оқыса, «Жас екпін» ансамблі махаббат күйін көпшілікке орындап берді.

Әдеби сайысқа қатысқан жұптар ерекше дайындықпен келген. Қатысушылар таныстырылым, ұлттық өнерді, ұлттық киімді насихаттау, Абайдың қарасөздерін жатқа айтып, өмірбаяны мен шығармашылығынан сұраққа жауап беріп, креативті махаббат афишасын құрастырып жарысты.

Сонымен, жүзден жүйрік шыққан әдеби сайыста үшінші орынды Ернұр Мырзақозы мен Айжаным Жансейітова иеленді. Аталмыш жұп дефиле көрсетуде заманауи сән мен дәстүрді салтанатты үйлестіре білді. Қазақ қызына тән ибалығы мен жігітке тән қайратын көрсеткен Ершат Молдабек пен Айым Әзімхан жүлделі екінші орынды иеленсе, бір-біріне тамаша жұп бола білген Ернар Ақанай мен Ақниет Серікбай 1-орынды жеңіп алды. Ал Абайдың қара



сөздерін нақышына келтіріп орындаған, өз өнерін көрсетуде театрландырылған көрініс арқылы көпшіліктің жүрегіне жол тапқан Сәкен Сапаралы мен Назерке Нұртазина бас жүлдені қанжығасына байлады.

«Әдеби сайыстың мақсаты – оқушыларға Абай шығармашылығын насихаттаумен қатар, адамзаттың туған жерге, ата-анаға, досқа, мектеп, ұстазға ғашық жандардың махаббаты – таза, мөлдір, мәңгілік болатынын көрсету, үйрету» дейді ұйымдастырушылардың бірі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Дамеля Толоухан.

Жеңімпаздарға Абайдың кітаптары мен бағалы сыйлықтар тапсырылды. Мектеп директоры Гүлнұр Оспанова өзінің құттықтау сөзінде осындай мәңгілік махаббаттың символына айналған Қозы Көрпеш пен Баян сұлу күнін Абайдың махаббат концепциясымен байланыстыра отырып, адами тұрғыдағы махаббатты оқушыларға жеткізе білген ұстаздарға, яғни Дамеля Толоухан, Жүлдіз Тұрсынбекова және Анаргүл Каленоваларға алғысын білдірді.

Гүлмира
ШАРХАНҚЫЗЫ

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 43
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 **Редакция мекенжайы:**
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

✉ **Va-reklama@mail.ru**
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**